ПР-140484.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ТӨЛЕБИ АУДАНЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ БӨЛІМІ

МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

ОТДЕЛ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ ТОЛЕБИЙСКОГО РАЙОНА

ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

161101,Ленгір қаласы,Әйтеке би,28 Тел: 8(72547)5-95-41
БСН 030340003505, ЖСК KZ72070103KSN3309000,

Төлеби аудандық қазынашылық басқармасы

161101,город Ленгер улица Айтеке би,28 Тел: 8(72547)5-95-41
ГУ, БИН 030340003505, ИИК KZ72070103KSN3309000,

Управление казначейства Толебийского района

23.04.2026 ж. № 37

«СЕРГАЛИ-ТУРКЕСТАН» аймақтық қоғамдық бірлестігінің төрайымы Ш.А.Усмановаға

Сіздің конкурстың №16581454-1, лот №83846885-ГСЗ1 «**Аудан көлемінде пробация қызметінің есебінде тұрған және түзеу мекемелерінен босатылған адамдарды қайта әлеуметтендіру мақсатында іс-шаралар ұйымдастыру**» тақырыбы бойынша мемлекеттік сатып алу нәтижелеріне қатысты жолдаған шағымыңыз (бұдан әрі - Конкурс), мынаны хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алу кезінде ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді:

1) әлеуетті өнім беруші ұсынатын жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкестігі;

2) әлеуетті өнім берушінің қызметі мақсатының (құрылтай құжаттарына сәйкес) тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметтеріне және "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабында көзделген салалар сәйкестігі;

3) әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтер;

4) әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы;

5) әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі;

6) жоба жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылған жағдайда – үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі.

Осы тармақтың 1), 2), 3), 4) және 6) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллдарды есептеу конкурстық құжаттамаға 21-қосымшаға сәйкес есептеледі.

Біріншіден: «СЕРГАЛИ-ТУРКЕСТАН» аймақтық қоғамдық бірлестігі арызы бойынша 5-бағалау өлшем шарты бойынша 452. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу кезінде әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қолданылмайды:

2) шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарының болуы талап етілмейді. Тиісінше конкурстық құжаттамада еңбек ресурстары талап етілмеген. Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі Мемлекеттік сатып алу туралы заңының 5-бап. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарының 2 тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру мақсатында барлық әлеуетті өнім берушілерге «әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі;» өлшем шарты бойынша 0 балл қойылды.

Екіншіден: «BAGLAN GROUP» қоғамдық қорының ұсынған өтінімі қайта қаралып, 2-өлшемшарт бойынша «BAGLAN GROUP» қоғамдық қорының жарысындағы қызметтің мақсаттары Тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметтеріне және "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабында көзделген салалардың кем дегенде біріне сәйкес келетіндіктен 2 балл қойылды.

Үшіншіден: «BAGLAN GROUP» қоғамдық қорының ұсынған өтінімі қайта қаралып, 1-өлшемшарт бойынша Әлеуетті өнім беруші ұсынатын жобаның келесі бөлімдерді қоса алғанда, Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкес келетіндіктен 6 балл қойылды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, конкурсты ұйымдастырушы өз құзыреті шегінде көрсетілген талаптар (дәлелдер) шеңберінде Сіздің шағымыңыздың дәлелдерін зерттеп, қорытынды шығарылғандығын хабарлаймыз.

Шағым Қағидалардың 590-тармағына сәйкес көрсетілген талаптар (дәлелдер) шегінде қаралғанын атап өту қажет.

Бөлім басышсы **Қ.Қалибеков**

Орындаған:Н.Асанов
Тел:872547-5-95-40